

Успен ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 қарашадағы "Қазақстан Республикасы Президентігіне, Парламент және мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орындар белгілеу туралы" № 351/11 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 51/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 наурызда № 4365 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 8/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 14.01.2020 № 8/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28-бабының 4, 6-тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Успен ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Успен ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 қарашадағы "Қазақстан Республикасы Президентігіне, Парламент және мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орындар белгілеу туралы" № 351/11 қаулысына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12-12-115 тіркелген, 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 48 "Сельские будни" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін.

аталған қаулының 2 қосымшасында:

5 реттік номері жолындағы "Тимирязев ауылындағы жалпы орта білім беру мектебі" сөзі "Ауылдық клуб" сөзіне ауыстырылсын;

11 реттік номері жолындағы "Ауылдық клуб" сөзі "Балалар сауық орталығы" сөзімен ауыстырылсын;

13 реттік номері жолындағы "Мәдениет үйі" сөзі "Равнополь негізгі жалпы білім беру мектебі" сөзімен ауыстырылсын;

21 реттік номері жолы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау осы мәселеге жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді.

Аудан әкімінің м.а.

Б. Жүсіпбаев

КЕЛІСІЛДІ

Успен аудандық

аумақтық сайлау

комиссиясының төрағасы

А.Қабиев

"11" наурыз 2015 жыл